

Краткий агрометеорологический обзор за 3-ю декаду апреля 2025 года.

В третьей декаде апреля на юге и юго-востоке республики в районах возделывания озимых культур температурный фон был выше нормы на 2...4°C. Осадки выпали в основном меньше нормы, лишь в Саркандском районе области Жетісу выпало около нормы.

На наблюдаемых участках Алматинской области и области Жетісу минимальная температура воздуха в основном была в пределах 2...8°C, однако в отдельных районах юго-востока отмечалась отрицательная аномалия температуры воздуха до минус 1...2°C. На наблюдаемых участках с озимой пшеницей наблюдаются фазы развития «кущение» - «появление нижнего стеблевого узла над поверхностью почвы». Состояние растений в основном хорошее и отличное.

В Жамбылской и Туркестанской областях минимальная температура воздуха была в пределах плюс 3...7°C. На наблюдаемых участках с озимой пшеницей наблюдаются фазы развития «выход в трубку» - «появление нижнего стеблевого узла над поверхностью почвы», в окрестности агропоста Кордай Жамбылской области «колошение». Состояние растений в основном хорошее, в Байдибекском районе и вблизи города Шымкент Туркестанской удовлетворительное.

На юге страны в Мактааральском (агропост Жалын), Ордабасинском (агропост Боген) районах Туркестанской области после предварительной обработки почвы приступили к посеву хлопчатника. На участках отмечались фазы развития «всходы» - «первый настоящий лист». Состояние посевов в основном отличное, в окрестности агропоста Боген хорошее.

В окрестности агропоста Ошакты Келесского района Туркестанской области на наблюдаемых участках в конце декады наблюдалась фаза развития «появление 5-го листа». Состояние растений хорошее.

В окрестности метеостанции Шиели Кызылординской области после предварительной обработки приступили к посеву риса, качество полевых работ хорошее.

В окрестности метеостанции Жансугурово Аксуского района Жетысуской области после предварительной обработки почвы приступили к посеву сои, качество полевых работ хорошее.

В Жамбылской области в окрестности метеостанции Сарыкемер на наблюдаемых участках наблюдается фаза развития «всходы». Состояние в основном отличное.

В окрестности агропоста Бурлин Бурлинского района Западно-Казахстанской области приступили к посеву сафлора, качество работ хорошее.

В третьей декаде апреля по результатам наблюдений за влажностью почвы в основных зерносеющих областях страны условия влагонакопления

почвы сложились *удовлетворительные и оптимальные*, недостаток влаги в почве отмечается на большей части Западно-Казахстанской области.

На последний день декады скот на пастбищах выпасался повсеместно. В Каратальском районе Жетысуской области, Мангистауском районе Мангистауской области и Улытауском районе Улытауской области животноводы подкармливают маточное поголовье и молодняк. На большей части пастбищ отмечается *сухая* дернина, в Айтекебийском, Шалкарском, Кобдинском, Байганинском районах Актюбинской области, в Кзылкогинском районе Атырауской области, Сырымском районе Западно-Казахстанской области дернина *сырая*.

На конец декады *сильно* стравлены пастбища в Акжаикском районе Западно-Казахстанской области, не стравлены в Иргизском районе Актюбинской области, в Мойынкумском, Шуском районах Жамбылской области, Шетском районе Карагандинской области, Мангистауском районе Мангистауской области, на остальной территории пастбища *слабо* стравлены.

2025 жылдың сәуір айының 3-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Сәуірдің үшінші онкүндігінде республиканың оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында күздік бидай себілетін аудандарында температуралық фон нормадан 2...4°C жоғары болған. Жауын-шашын нормадан аз жауған, тек Жетісу облысының Сарқан ауданында норма шамсында болған.

Алматы облысы мен Жетісу облысының бақылау учаскелерінде ауаның минималды температурасы негізінен 2...8°C шамасында болды, алайда оңтүстік-шығыстың жекелеген аудандарында ауа температурасының минус 1...2°C дейінгі ауытқуы байқалған. Күздік бидайға бақылау жасалатын учаскелерде «бұтақтану» - «топырақ бетінен төменгі сабақ түйінінің пайда болуы» даму фазалары байқалды. Өсімдіктердің жағдайы негізінен жақсы және өте жақсы.

Жамбыл және Түркістан облыстарында ауаның минималды температурасы плюс 3...7°C шамасында болған. Күздік бидай бақыланатын егістерде «түтікке шығу» - «түйін тамырының пайда болуы» даму фазалары, Жамбыл облысы Қордай агробекетінің маңайында «масақтану» байқалған. Өсімдіктердің жағдайы негізінен жақсы, Түркістан облысының Бәйдібек ауданында және Шымкент қаласының маңында қанағаттанарлық.

Еліміздің оңтүстігінде Түркістан облысының Мақтаарал (Жалын агробекеті), Ордабасы (Бөген агробекеті) аудандарында топырақ алдын ала өңделгеннен кейін мақта егуге кіріскен. Учаскелерде «көктеп шығу» - «нағыз бірінші жапырақ» даму фазалары белгіленген. Егістіктің жағдайы негізінен өте жақсы, Бөген агробекет маңында жақсы.

Түркістан облысы Келес ауданы Ошақты агробекетінің маңында бақылау учаскелерде онкүндіктің соңында «5-ші жапырақтың пайда болуы» даму фазасы байқалған. Өсімдіктердің жағдайы жақсы.

Қызылорда облысының Шиелі метеостанциясының маңында алдын ала өңдеуден кейін күріш егуге кірісті, дала жұмыстарының сапасы жақсы.

Жетісу облысы Ақсу ауданы Жансүгіров метеостанциясының маңында алдын ала топырақты өңдегеннен кейін соя егуге кіріскен, дала жұмыстарының сапасы жақсы.

Жамбыл облысында Сарыкемер метеостанциясының маңайындағы бақылау учаскелерінде «көктеп шығу» даму фазасы байқалған. Егістіктердің жағдайы өте жақсы.

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Бөрлі агробекетінің маңында мақсары егуге кіріскен, жұмыстың сапасы жақсы.

Сәуірдің үшінші онкүндігінде елдің негізгі астық егетін облыстарында топырақтың ылғалдылығын бақылау нәтижелері бойынша топырақтың ылғал жиналу жағдайы *қанағаттанарлық және оңтайлы* болған, топырақта ылғалдың жетіспеушілігі Батыс Қазақстан облысының көп бөлігінде байқалған.

Онкүндіктің соңғы күні жайылымдарда мал тегіс жайылымда болған. Жетісу облысының Қаратал ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында және Ұлытау облысының Ұлытау ауданында мал өсірушілер аналық мал басын және төлдерді азықтандырған. Жайылымдардың басым бөлігінде шым *құрғақ*, Ақтөбе облысының Әйтеке би, Шалқар, Қобда, Байғанин аудандарында, Атырау облысының Қызылқоға ауданында, Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданында *дымқыл* шым байқалды.

Онкүндіктің аяғында Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында жайылымдар қатты *тапталған*, Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында, Жамбыл облысының Мойынқұм, Шу аудандарында, Қарағанды облысының Шет ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында, қалған аумақтарда жайылымдар *әлсіз* тапталған.